Көмір тасымалдаушы кәсіпорын ашылады
2-бет

2015 жылғы аудан бюджеті
3-бет

Аңшылығы елге мәлім ағайындылар
4-бет

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫН ГАЗЕТІ

Арай

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 10 (7797)
Жұма,
06 ақпан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

■ Есептік жиындар

ӘРЕКЕТСІЗДІКТІ ЖОЮ ҚАЖЕТ

Аудан және ауылдық округ әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездсеулерінің кестесіне сәйкес 30 қаңтар күні Коробиха және Ақсу ауылдарында жиындар өтті.

Коробиха ауылында өткен есептік кездесуге ШҚО әкімі аппараты басшысының орынбасары Сергей Мубәрәков, сонымен қатар, әкімдік бөлімдері мен құқықорғау органдарының басшылары мен қызметкерлері, аудан әкімдігінің мамандары, мектеп ұжымы мен ауылдық округтің тұрғындары қатысты.

Бірінші болып Коробиха ауылдық округі әкімінің уақытша міндетін атқарушы Е.Качесованың ауылдық округтің 2014 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы мен 2015 жылға арналған міндеттері туралы баяндамасы тыңдалды.

Е. Качесова округ аумағында ойдағыдай жүзеге асырылған жұмыстарды және орын алған кемшіліктерді ашық айтты. Мәселен, мердігермен арадағы келісім-шарттың бұзылуына байланысты Катонқарағай-Барлық - Ақсу-Коробиха бағыттары бойынша жолаушылар тасымалдау мәселесі әлі де шешілмей тұр. Елена Качесова атап өткендей, 2015 жылға арналған басты міндеттердің қатарында Коробиха өзенінің арнасын тереңдету, Барлық ауылындағы көшелердің біріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мен ауыл ішіндегі малдардың қараусыз жайылуы, тұрғындардан сүт сатып алу сияқты мәселелер тұр.

Онан соң, жиналғандар аудан әкімі Қ.Байғонұсовтың қорытынды есебін тыңдады. Аудан басшысының баяндамасы толық және мазмұнды болды. Онда Қалиқан Байғозыұлы мемлекеттің басты құжаттарының бірі – Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауына баса назар аударуды ұсынып, оның маңызын атап өтті. Ауданның өткен жылғы дамуына талдау жасап, алдағы уақытқа оның басым бағыттарын айқындады. Аудан әкімі өз сөзінде бүгінгі күннің ауданымызда қолға алынар басты міндеті - тауарлысүт фермаларын құру екендігіне тоқталып өтті. Қ.Байғонұсов ауылдық округ тұрғындарына бұдан былай да шағын және орта бизнесті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды ұсынды. Және де елдімекен басшылығына округтегі бос қалған және игерілмеген егістік жерлерді пайдалануды ұсынды.

-Егер, бос қалған жерлер тиісті мақсаттарда игерілмесе, мемлекет ол жерлерді қайтадан өз меншігіне алады немесе жер иесі 10 есе мөлшерде салық төлейтін болады, - деп ескертті Қ.Байғонұсов.

Аудан басшысы ауылдық округтегі жалпы білім беру ошақтарының ҰБТ-ге дайындық жұмыстарының төмен деңгейде екендігін қатаң сынға алды. Оның дәлелі ретінде аудан басшысы осыған дейінгі ҰБТ-ға Коробиха ауылдық округінен бірде-бір түлектің қатыспағандығы жайлы мәліметтерді тілге тиек етті.

Ауыл тұрғындары Е.Будкеева, А.Ершов, Н.Байбұлов, М.Байғонұсов және т.б. аудан басшысы мен округ әкімінің міндетін атқарушы Е.Качесоваға Үшбұлақ ауылындағы көпірдің жөнделуі, Барлық орта мектебіне бастауыш сынып бөлігінің салынуы мен ауылдық округ ішіндегі жолдардың жағдайы, Коробиха ауылына су құбырларын жүргізу туралы сауалдарын жолдады. Қойылған сұрақтарға тұрғындар тиісті әрі нақтылы жауаптарын алды.

Ақсу ауылдық округінде жалғасқан тұрғындармен кездесу жиыны орта мектепте өтті.

Тұрғындар алдында есеп берген округ әкімі М.Тоқпаев денсаулық сақтау, қылмыстық жағдайдың деңгейі, ауылды абаттандыру мен туризмнің дамуы жайына тоқталды. Алдағы жылы ауылдық округте бірқатар маңызды міндеттер көзделіп, оның орындалуы жергілікті билік тарапынан басты назарда ұсталынатын болады. Олардың ішінде Ұлы Жеңістің 70-жылдығы, Қазақ хандығының 550-жылдығы және Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20-жылдығы сияқты айтулы мемлекеттік мерекелерге дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.

Аудан әкімі Қ. Байғонұсов округ әкімі М.Тоқпаев пен оның активіне кәсіпкерлікті дамытуды, Катон-Ақсу бағытындағы жолаушы тасымалын жандандыруды, интернат пен ауылдық Мәдениет үйінің күрделі жөнделуіне байланысты бірқатар тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, Қ.Байғонұсов елді мекен тұрғындарының өткен жылы бір де бірінің мемлекеттік бағдарламаларға қатыспағандығы туралы мәліметтер келтірді. Және округте былтырғы жылы лизингке алынған техника бірліктері де жоқ.

Мұнда да тұрғындар жарыссөз барысында өздерін толғандырған сауалдарын қойып, басшылық тарапынан толық жауаптар алды. Нақты айтсақ, бүгінде ақсулықтарды таза ауызсумен қамтамасыз ету, ұялы телефон байланысын орнату, Мәдениет үйі мен медпункттің күрделі жөнделуі, жолаушы тасымалын жандандыру мәселелері алдыңғы кезекте тұр.

Жалпы алғанда, жиын өзара түсіністік жағдайда өтті. Ауылдық округ әкімдерінің жұмыстары қанағаттанарлық деп бағаланды. Аудан әкімі аталмыш округтер әкімдеріне көтерілген мәселелер бойынша тиісті тапсырмалар берді.

❖ ❖ ❖

Жамбыл ауылында өткізілген ауылдық округ әкімі Әлібек Аманов пен аудан әкімі Қалихан Байғонұсовтың есеп беру жиынына жиналған халық клуб үйіне сыймай кетті. Осы көріністің өзі –ақ округ тұрғындарының бұрынғыдай емес, жергілікті басшыларға сенім білдіріп отырғандығын көрсетеді. Осы лауазымды қызметке келгендеріне жылға толмаған әкімдер үшін мұндай сенім, әрине, үлкен жетістік. Ә. Аманов өз баяндамасында есептік мерзім ішінде округте атқарылған жұмыстарды саралап айтып шықты. Онда Қарашағыл көшесінің жарықтандырылғандығы, Берел ауылында тұрғындардың көптен бері көтеріп келген телефон байланысы мәселесінің оңды шешілгендігі, Жамбыл мен Өрел ауылдары арасында Бұқтырма өзенінің үстіне салынған аспа көпірдің жөнделгендігі, ауылдың өкпе тұсындағы көктемде су шайып кеткен ағаш көпірді қайта қалпына келтіру жұмыстарына бүкіл ауыл болып жұмылып отырғандығы атап өтілді. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті дамыту, ауыл тұрғындарын мәдени-тұрмыстық және медициналық қамту жағдайлары да назарынан тыс қалмады. Алайда, аудан әкімі Қалиқан Байғозыұлы ауыл әкімінің баяндамасын талқылау барысында да, өз есебінде де жамбылдықтардың әлі де болса көп нәрсені ескермей, қолда бар мүмкіндіктерді, мемлекет тарапынан ауыл еңбеккерлеріне беріліп отырған жеңілдіктерді пайдаланбай отырғандығын атап көрсетті. Атап айтқанда, Жамбыл ауылдық округінің аумағы туристердің ең көп келетін жері болғанына қарамастан, мұнда демалушыларға, саяхатшыларға қызмет көрсету, солай ету арқылы пайда табу ісі мүлдем кенже қалып отыр. Округтің еңбекке жарамды тұрғындары «Құлан», «Жайлау», «Алтын асық» сияқты мемлекеттік бағдарламаларға да қатысуға енжар. Ауданымызда жұмыс істеп отырған ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу қызметін пайдаланушылар да жоқтың қасы.Шаруа қожалықтарының материалдық-техникалық базаларының жағдайы өзге округтердікінен көп төмен. Осы уақытқа дейін округке бірде-бір бірлік жаңа ауылшаруашылығы техникалары алынған жоқ. Қ. Байғонұсов мал шаруашылығын асылдандыруда атқарылмай отырған жұмыстарға да отырғандардың назарын аударып, бұл жұмыстардың барлығын ұйымдастыру - ауыл әкімінің тікелей міндеті екендігін ескертті. Алдағы наурыз айынан бастап ауданда сүт жинау жұмыстары қолға алынғалы отырғандығын да ескертіп, көпшілікті соған жұмыла қатысуға үндеді.

Жарыссөзге шыққан зейнеткер-кәсіпкер Жомарт Абраимов халықты тұрақтандыру, мал тұқымын асылдандыру жөніндегі ойын ортаға салып, жеңілдетілген несие, асыл тұқымды мал алу жолдарын сұрады. Жамбылдық Аманжол Мұқажанов, Ошақ Нысайынов ауызсу мәселесін көтерді.

Өрел. Бұл округтің тұрғындары өздерінің береке-бірлігі, сүттей ұйыған ұйымшылдығы жағынан көп елдімекендерге үлгі. Олар сол ұйымшылдықтарын осы жолғы жергілікті әкімдердің есептік кездесулерінде де байқатты. Еркін Көбешов пен Қалихан Байғонұсовтардың баяндамаларын мұқият тыңдаған олар, жаңа ғимараттар, көпірлер салуға ауылдардың инфрақұрылымдарын жаңалауға мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қаржылай қолдау-көмекті сезіне отырып, барлық деңгейдегі басшыларға өз ризашылықтарын білдірді. Шынында да, Өрел ауылдық округі инвестиция тартуда ауданда алдыңғы орындардың бірінде тұр. Өткен жылы Аршаты ауылында Бұқтырма өзенінің үстіне салынған үлкен көпірдің құрылыс жұмысы сапалы аяқталып, пайдалануға берілді. Мектеп жанындағы шағын орталық, спорт залы да ауыл тұрғындарының көзайымына айналды.Бұл барлық ауылдармен бірдей жағдайда өмір сүріп, еңбек етіп, тіршілік жасап отырған ауылға мемлекет тарапынан жасалып отырған қолдау-көмек, сыйлық. Өйткені, мұнда халықтың тұрақтануы сақталған. Бұл дегеніңіз, ауылдың болашағы бар деген сөз. Сондай-ақ, Өрел ауылында да «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша үлкен жоба іске асырылуда. Алла жазса, биыл күзде өрелдіктер оның нәтижесін көретін болады.Баяндамашылар өз сөздерінде бұл жобаның көңілдегідей іске асуына жекеменшік үй иелерінің ондай ынта көрсетпей отырғандығын айтып өтті. Яғни, тұрғындар үйлерінің жанынан өтіп бара жатқан су құбырынан баспаналарына су тартып алуға онша талпынбай отыр. Осы жиында мал тұқымын асылдандырып, өнімділігін арттыру, «Құлан», «Алтын асық», «Жайлау» бағдарламаларына көптеп қатысып, мал басын көбейту, солай ете тұра, тұрғындарды жұмыспен қамту жайы да кеңінен сөз болды. Есептік баяндамасында да аудан әкімі біздің ауданның болашағы-туризмді дамытуда екендігін баса айтып, көпшілікті сол бағытта да іс-жоспар құруға, қимыл жасауға шақырды. Жарыссөзге қатысқан қоғамдық ұйымдардың жетекшілері - әйелдер кеңесінің төрайымы К. Балтабаева, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Т. Құсайынов, ауыл биі М. Көбешов (Аршаты), зейнеткер Т. Мұхитов округте атқарылған жұмыстарға оң бағаларын беріп, ауылдастарын береке-бірліктерін одан сайын бекіте түсуге, күнделікті тірлікте туындаған мәселелерді сабырлылықпен бірлесе шешуге, келе жатқан әлемдік дағдарысқа қажырлы еңбекпен қарсы тұруға шақырды. Кездесуде жекебас жағдайларына қатысты - отындық ағаш, шипажайларға жолдамалар алу сияқты тұрғындар өтініштерін шешуді аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов тиісті орындарға тапсырды.

Материалды даярлаған:
Тимур СМАҒҰЛОВ,
Жәнібек ҚЫЗЫР.

Сурет автордікі.

«Даму-Көмек»

Фархатқа қолдау көрсетті

«Даму-Көмек» бағдарламасы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» әзірлеген және кәсіпкерлік іс-қызметті жүргізуге ынталандыратын, мүмкіндіктері шектеулі әлеуетті кәсіпкерлерге тауар түрінде қолдау көрсетудің тиімді тәсілі.

Аталмыш бағдарлама аясында «Даму» қоры қаржылай көмек көрсетпейді, ол тек мүмкіндіктері шектеулі, меншікті бизнестерін ұйымдастырғанда және ашқанда, бұл жұмыстарды жүргізгенде айтарлықтай қиындықтарға тап болған, жұмыс істеп тұрған және істі жаңадан бастаған кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастама білдірген мүгедектердің мәселелерін шешетін нақты мүмкіндіктері бар ұйымдар мен жеке тұлғалар арасындағы байланыстырушы звено.

Фархат Телманұлы Кітапбаев – бұрынғы әскери қызметкер, Ақсудағы 2034 әскери бөлімшенің жанындағы «Үшбұлақ» шекаралық заставасында қызмет еткен. 27 жасында автомобиль апатына түседі. Бірнеше күрделі оталар жасалған соң, бірінші топтағы мүгедек деп танылды. Міне, сегіз жыл бойы Фархат Телманұлы мүгедектер арбасына таңылған, бірақ, мүмкіндігінің шектеулілігіне қарамастан, ол сырқатпен күресіп, үй жағдайында меншікті ісін ашпақ.

Ағымдағы жылдың 12 қаңтарында Фархат Телманұлы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» аумақтық филиалына төлемдерді қабылдау және өңдеу пунктін ашуға көмек көрсетуді өтініп, жүгінген еді.

Аудан әкімінің, «Дар-Сер» ЖШС-нің, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасының белсенді қатысушылары, жеке кәсіпкерлер С. Ақанова мен Ж. Рахымбаеваның ықпал етуінің арқасында істі жаңадан бастаған

кәсіпкер үшін ноутбук, үшеуі біреуінде принтер және принтер үшін сөмке сатып алынды.

Үшінші ақпан күні Катонқарағай ауылында аудан әкімі Қ.Б. Байғонұсов Фархат Кітапбаевқа сыйлықты табыс етіп, жаңа бастамасына сәттіліктер тіледі.

Мүмкіндігі шектеулі, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерге көмек көрсеткендері үшін мейірімді адамдардың қайырымды істерін атап өтіп, ризашылығымызды білдіреміз.

Жанар Нүрпейісова.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына

Еңбекпен есейген кейуана

Шығыс халықтарының данагөйі Хамини: «Ана бір қолымен бесікті тербетсе,екінші қолымен әлемді тербетеді» деген екен. Осы мағынасы кең, әрі дәлме-дәл айтылған даналық сөздің мағнасын мен бүгінгі күні тоқсан жастың белесінен көрініп, 11 баланы дүниеге әкеліп, олардан 31 немере, 32 шөбере сүйіп отырған асыл анамыз Хадиша Тоқтаубайқызының өмір жолынан көргендеймін. Үйде әйел-ана, сырта еңбеккер бола білген ол ұжымшар бен кеңшар өндірісінде елу жылдан астам еңбек етіп, ауданымыздың, еліміздің өсіп-өркендеуіне, дамуына бір кісідей өз үлесін қосты. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының отты жылдарымен дөп келген анамыз, бұғанасы қатпай, майданға кеткен ер азаматтардың орнын басып, шөп шауып, отау үйді, дән сеуіп, астық өсірді, қолына шелек алып сауыншы болды. «Степан Разин» ұжымшарында техника тізгіндеп, трактор айдайтын ер азаматтар қалмағанда, шаруашылықтағы жалғыз маман Құдайберген Ділдәйімовтың жанына барып ,одан тракторды жүргізуді үйренді. Тәулігіне үш-төрт сағат қана көз шырымын алып, «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Бұл өмірдің қызығын да, қиындығын да бірдей бастан өткізіп, бейбіт заманның, Тәуелсіздіктің бағасын біліп, қария жасына жеткен Хадиша Тоқтаубайқызы әлі күнге дейін жас ұрпақ, бала тәрбиесінен қалған жоқ. Балалары мен немерелері, шөберелері қара шаңырақтарына жиналғанда, өткенді әңгіме етіп, баршылық пен жоқшылықтың бағасын білдіріп отырады. Сондай кездерде ол:

-Сендер өте бақыттысыңдар! Бастарыңда қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман тұр. Не ішемін, не киемін демейсіңдер. Енді сендерге осы күннің бағасын біліп, оны көздің қарашығындай сақтау керек. Сонда ғана мына біз, аға ұрпақ, сендерге риза боламыз. Көңілдерің мен бейілдерің ешқашан тарылмасын, береке-бірліктерің кетпесің. Ерінбей еңбектеніңдер. Сонда ғана мұдан да бақытты өмірге кенелесіңдер,-дейді.

Иә, ел болып еңсе көтеріп, ұлт болып ұйып отырған Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгідей қарышты қадаммен алға басуына өз еңбектерімен ықпал еткен аға буынның бізге бергені де берері де көп. Ендеше, оларды қадірлей білейік,-дей тұра, тоқсанның белесіне көтерілген анамызға мына бір өлең жолдарын арнамақпын:

Тоқсанға келдің,сен бүгін,
Ақ күміс шашты анашым.
Қайратты, әділ, жанашыр,
Қамқоршым болған адамсың.

Өмірдің көрген азабын,
Шынардай берік анашым.
Денсаулығың мықты боп,
Шөпшегің өсіп, тарасын!

Соңыннан ерген ұрпаққа,
Ақ бата бер анашым.
Алланың берген ғұмырын,
Жасай бер, жаса, анашым!

Роза Оралғазина, Катонқарағай ауылы.

Кәсіпкерлік

Көмір тасымалдап, жолдарды тазалайды

Катонқарағай ауылында жеке кәіпкер Айбек Исабаевтың иелігіндегі отынменқамтамасыз ететін база ашылуға жақын.

Тұрғындарға - көмір

Катонқарағай өңіріндегі тұрғындар үшін көмір тасымалдаушы кәсіпорын ашу туралы мәселе баяғыдан-ақ айтылып келеді. Өйткені, осыдан 14 жыл бұрын ұйымдастырылған Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркте тұрғындарды ағаш отынмен қамтамасыз ету мәселесі жылдан-жылға күрделене түсуде. Өз үйлерін тек ағаш отынмен ғана жылытуға үйренген катонқарағайлықтар пештерін өзгертіп, көмір сатып ала бастады.

Е. Смағұлов, А. Визигин, Р. Шәкіртов

Дегенмен, Катонқарағай өңірінің қарапайым тұрғыны үшін көмірді үйіне дейін жеткізу - онан да күрделі мәселеге айналуда. Приморск айлағында көмір үнемі болмайды, ал оны Зыряннан жеткізу - өте үлкен шығынды қажет етеді. Тіпті өткен жылы, Семей разрезінен босатылатын көмірдің бағасы көтерілгенге дейін, бұл көмірдің әрбір тоннасы көлік шығынын қоса есептегенде, жергілікті тұрғындар үшін 15 мың теңгеге таяйды. Егер, бір қысқа орташа есеппен төрт тонна көмір қажет болса, оны сатып алуға 60 мың теңге әзірлеу қажет.

Осылайша, бұл өзекті мәселені шешу үшін арнайы ұйым құру керек болды. Ол көмірді бұрынғы аудан орталығына жеткізетін болады. Бұл ұсынысты жергілікті кәсіпкер Айбек Исабаев қабыл алды.

-Мен ауылдық әкімдіктің маңынан жалпы алаңы 25 соток болатын жерді ресімдедім,- дейді Айбек Құмарбекұлы. -70 тоннаға дейін салмақты көтеретін электрондық таразыны Өскемен қаласынан сатып алдым. Бұрын мұнда шамамен 30 тоннаға дейін салмақты өлшейтін кеңестік таразылар болған. Ал егер жүк тиелген қытайлық 60 тонналық «Хоума» жүк көлігі келсе ше? Құралдарды орнаттық, енді тек, таразы орнатылған ғимараттың төбесін ғана жабу керек. Көмірді тасымалдайтын және тиейтін техника өзімізде бар.

Бұл мекеменің ресми ашылуына дейін Айбек тұрғындарға көмір сатуды ойластырған. Тасымалдай бастағанда-ақ, оған сұраныстың жоғары екендігіне көз жеткізді. Оның әрбір тоннасы үшін тағайындалған 12 мың теңгені тұрғындардың қалтасы көтеретіндігі байқалды. Бағасы мұнан төмен болса, тасымалдау шығынын жаба алмайсың. Оның үстіне, жаңа жылдан бастап Зыряндағы станциядағы көмірдің бағасы 7250 теңгеге жетті. Биылғы жылу беру маусымында А. Исабаевтың кәсіпорны өңір тұрғындарына 1,5 мың тоннаға таяу көмір сатты. Таразы болмағандықтан, көмірді өлшеп, қайта тиеуді күректің көмегімен, қолмен жүзеге асыруға тура келді.

-Меніңше, отынмен қамтамасыз ету кәсіпорны ашылса, жылына 3-5 тоннаға дейін көмір сатуға болады,- дейді Айбек. –Тек сонда ғана мекеменің жұмысы тиімді болмақ.

Жолдағы қар тазалаушылар

Айбек Исабаевтың кәсіпорны биылғы жылы жергілікті маңыздағы жолдардың қысқы күтімімен де айналыса бастады. Әзірге, биылғы жылға бюджет қаржысы бекітілген жоқ және конкурс та өткізілген жоқ, жылдың алғашқы екі айында келісім-шарт бойынша кәсіпорын Катонқарағай, Аққайнар және Жамбыл ауылдық округтерінде ауылдық жолдарды қардан тазартуда. Бұл жолдардың жалпы ұзындығы – 120 километрді құрайды, бірақ кәсіпкердің жол күтіміне шығаратын техникалары жеткілікті. Таяуда ол жаңа үлгідегі МТЗ (күрегі бар), ҚХР-да шыққан тиегіш сатып алды, қуатты Т-130 тракторы бар, қаладан Т-75 тракторы негізінде жасалған тағы да бір бульдозер әкелмек, оған тіркемелі грейдерді тағуға болады. Кәсіпорында барлығы жеті бірлік техника бар.

Әрине, жұмыс тек техниканың күшімен ғана емес, еңбекті ұйымдастыра білудің арқасында алға басады.

-Бұл тұрғыда Айбек Исабаевтың кәсіпорнында тәртіп орнатылған, -дейді Катонқарағай ауылдық округінің әкімі Амантай Балтабаев. –Өткен жылдың күзінде жаңбырдың көп болуынан Катонқарағайдағы Сарымсақты өзенінің арнасы суға толып, тұрғын үйлерді су басу қаупі туындады. Дереу ауылдықтарға көмекке Исабаевтың кәсіпорны келді. Бір тәулік ішінде оның техникасы өзен суын арнасына

Ж. Басариев

түсіріп, төтенше жағдайдың алдын-алды. Округтегі жолдардың қысқы күтімі де сапалы атқарылады. Тұрғындардан ешқандай наразылықтар түскен жоқ. Қар түсе салысымен, ауыл ішінде және елдімекендер аралығындағы жолдар бірден тазаланады.

Мұндай жағдайлар үшін А. Исабаевтың техникалары үнемі әзір тұрады. Өткен жылы ол бұрынғы әзірлеу кеңсесінің төрт бірлік техникаға арналған бокстарын сатып алып, оларға жылу берілетіндей етіп жөндеді. Тағы да бір үлкен ғимаратты жөндеп, өзіне меншікті үй жасады, ал

А. Исабаев

оның жартылай жертөлелік бөлмелері тұрмыстық қажеттіліктер үшін және жұмысшылардың демалыс бөлмелері ретінде пайдаланылады. Мұнда шағын бір бөлмеде қолдан жасалған, бірақ өте тиімді қазандық орнатылған. Өткен жылы базаның аумағында қоймалар мен шеберханалар үшін ғимараттар салынған.

-Біз жұмысшыларды жыл бойы жұмыспен қамтуға тырысамыз,- дейді Айбек. – Қазір, қыс айларында, механизаторлар жолдарды тазалаумен шұғылданып, жүз мың теңгеге дейін жалақы алады. Олардың кейбіреулері қосымша жұмыстар атқарады. Мысалы, автотиегіштің машинисі Рауан Шәкіртов қазіргі уақытта күрек тағылған автогрейдерде, ал Ержан Смағұлов КАМАЗ-ды жүргізеді және балташы болып жұмыс істейді. Бульдозерші Андрей Визигин, жүргізуші Аслан Бесполов, токарь Ербол Қарсақов, дәнекерлеуші Жомарт Басариевтер де өз міндеттерін зор жауапкершілікпен атқарады. Олардың барлығы да өз істерінің нағыз шебері.

Айта кетерлік жайт, Айбектің өзі де бесаспап-техник, жүргізушілік немесе механизаторлық еңбектен жиіркенбейді, кез-келген уақытта тракторды немесе жүк көлігі, грейдерді, экскаваторды немесе КАМАЗ-ды да басқарады. 1989 жылдан бастап ол Катонқарағайдағы ӨЖУ-де еңбек етті. Демек, бұл салада ол жақсы тәжірибе жинақтаған. Ағасы Темірбек Құмарбекұлы Исабаев та облысқа танымал, тәжірибелі жолшы, Өкемен қаласында орналасқан аттас кәсіпорынды басқарады. Қажет болса, кез-келген уақытта сөзбен де, іспен де көмек көрсетеді.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

(Соңы. Басы газеттің өткен сандарында.)

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 5 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік

Атауы	Сомасы (мың теңге)
Білім беру	2264502,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2264502,0
Жалпы білім беру	2264502,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы№28/206-V шешіміне 6 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен түскен нысаналы ағымдағы трансферттер және даму трансферттері

Атауы	Сомасы (мың теңге)
II. Шығындар	143783,0
Білім беру	38656,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	716,0
Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	716,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	32505,0
Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	32505,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5435,0
Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5435,0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	36813,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	36813,0
Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	36813,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	68260,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	68260,0
Коммуналдық шаруашылығын дамыту	40340,0
Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	27920,0
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	54,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	54,0
Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	54,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 7 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджетке Республикалық бюджеттен түскен нысаналы ағымдағы және даму трансферттері

Атауы	Сомасы (мың теңге)
II. Шығындар	1432005,0
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22521,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	796,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	796,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4459,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4459,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	14666,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14666,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1473,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1473,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	1127,0
Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1127,0
Қорғаныс	80,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	80,0
Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	80,0
Білім беру	754270,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	141952,0
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	14237,0
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	127715,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	606499,0
Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	343,0
Жалпы білім беру	474399,0
Балаларға қосымша білім беру	10559,0
Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	65,0
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	121133,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	5819,0
Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	5819,0
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	68692,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	68692,0
Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2114,0
Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	11119,0
Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	21307,0
Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	11869,0
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	22283,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	509893,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	161,0
Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	161,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	509732,0
Коммуналдық шаруашылығын дамыту	273452,0
Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	236280,0
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	23548,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	20806,0
Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	550,0
Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	13843,0
Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	6413,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	1338,0
Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	741,0
Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	597,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	468,0
Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	468,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) туризм бөлімі	936,0
Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	526,0
Туристік қызметті реттеу	410,0
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	50112,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	1814,0
Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1814,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	730,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	730,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	47568,0
Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	47568,0
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	791,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	791,0
Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	791,0
Басқалар	2098,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1429,0
Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1429,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі	669,0
Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	669,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 8 қосымша

2015-2017 жылдарға арналған бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған, бюджеттік бағдарламаларға бөлінген даму бюджеті бағдарламаларының тізбесі

Атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
II. Шығындар	583427,0	136832,0	0,0
Білім беру	5435,0	85832,0	0,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5435,0	85832,0	0,0
Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау соның ішінде:	5435,0	85832,0	0,0
Катонқарағай ауылындағы Жампеисова көшесіндегі стационарын мектеп іргесіндегі интернатқа қайта жаңғырту	5435,0	0,0	0,0
Ақсу ауылындағы «Ақсу орта мектебі» КММ -де спортзал салу	0,0	85832,0	0,0
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	577992,0	51000,0	0,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	577992,0	51000,0	0,0
Коммуналдық шаруашылығын дамыту соның ішінде:	313792,0	0,0	0,0
Үлкен Нарын ауылындағы қазандықтың және жылу жүйелерін қайта жаңғырту	313792,0	0,0	0,0
Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту соның ішінде:	264200,0	51000,0	0,0
Өрел ауылындағы су жүргізетін желілерін және құрылыстырын қайта жаңғырту	264200,0	0,0	0,0
Шыңғыстай ауылындағы су жүргізетін желілерін және құрылыстырын қайта жаңғыртуға ЖСҚ-ы әзірлеу	0,0	10000,0	0,0
Ақсу ауылындағы су жүргізетін желілерін және құрылыстырын қайта жаңғыртуға ЖСҚ-ы әзірлеу	0,0	13000,0	0,0
Топқайын ауылында сумен қамту жүйесін қайта жаңғыртуға ЖСҚ-ы әзірлеуге	0,0	28000,0	0,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/206-V шешіміне 9 қосымша

2015 жылы ауылдық елдімекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бөлінген қаражат

Атауы	Сомасы (мың теңге)
П. Шығындар	47568,0
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	47568,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	47568,0
Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	47568,0

V шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28/220-V шешімі

К*атонқарағай ауданының ауылдық елдімекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2015 жылы әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы*

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, «Агро-өнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына, 18-бабы 8-тармағына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2-тармағына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2015 жылы жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г. Ағажаева, сессия төрайымы.
Д. Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.

ААСК хабарлайды

Катонқарағай аудандық мәслихатының Солоновка, және Ақмарал округтеріндегі шығып қалған депуттарының орнына 2015 жылғы 29 наурызға тағайындалған сайлауын өткізу бойынша аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрағасы: *Тілеубаев Мырзабек Мұхаметқалиұлы, Толықпаев Марат Нұрбайұлы, комиссия төрағасының орынбасары.*

Комиссия хатшысы: *Тілеудинова Тоты Әбілғазықызы.*

Комиссия мүшелері: *Батырқанов Еркінбек Арғынбекұлы, Қауашева Әсем Қамбарханқызы, Нығметов Жанар Пазылұлы, Смағұлова Жаңыл.*

Табиғат және біз

Аңшылығы елге мәлім ағайындылар

Аққайнар ауылының тұрғындары малын өсіріп, елден қалыспай өз тіршіліктерін жасап, өмір кешуде. Елдің көшуі тоқталып, халық малын көбейтіп, бірі - жылқы басын көбейтсе, қайсыбірі - ірі-қара мен қой-ешкісін өрбітіп, өз жағдайларын анағұрлым жақсартқан.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының жақсаруы – Елбасы саясатының арқасы. Олардың көпшілігі жеңілдетілген несие алып, малын көбейтіп, отбасының қажеттілігін өтеуде.

Осылайша, ауыл тұрғындарының жағдайларының жақсаруы – мал басының көбеюіне байланысты болғаннан кейін, бұл салада аз-кем қиындықтар кездеседі. Соның бірі – соңғы жылдары көбейіп кеткен жыртқыш аң – қасқырлар болып тұр.

Биылғы қыс басталысымен, Аққайнарда ұсақ малды санамағанда, оннан астам жылқы, алты ірі-қара малы қасқырға жем болды. Осыған тосқауыл қойып отырған – Аққайнар ауылының тұрғындары, ағайынды Кеңеспаев Ахметкәрім мен інісі Ахметжан болып отыр. Ата-бабадан дарыған аңшылық қасиеттерін қолданған ағайындылар биылғы қыста төрт қасқырды ұстап, ауылдастары малдарының аман қалуларына септіктерін тигізіп отыр.

Қасқыр аулау - әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Бұған төзімділік, қажырлық және аңшылық тәжірибе қажет. Осындай қасиеттері бойларына қонған ағайынды Кеңеспаевтар ауыл тұрғындарының ыстық ықыластарына бөленуде.

С.Құрманов,
Аққайнар ауылдық округі
әкімі аппаратының маманы.

Катонқарағай МҰТП-де қар барысы мекендейді



Қар барысы осынау төкөппарда,тіршілік ету ортасы құпияға толы дала тағысы туралы соңғы уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында көп айтылуда.Қазіргі уақытта Қазақстан республикасы аумағында қар барысын анықтау мақсатында орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті,Қазақстан биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясы, зоология институты мамандары т.б мекемелер бірігіп көптеген жұмыстар атқаруда. Бұл шаралардан Катонқарағай МҰТП-де шет қалмауда.Катонқарағай МҰТП-де қар барысын анықтау барысында фотоұстағыш құралдары орналастырылған. Бұл фотоұстағыш құралдары қар барысы жүретін соқпақтарға қойылды. Фотоұстағыш құралдары орнатылған уақыттан бастап сол жерде мекендейтін әртүрлі аң-құстар түсірілген еді. Мысалы: күдір, алтай ұлары, суыр, таутекелер, қасқыр, марал, ау, қоян, сілеусін, бұлғын,түлкі,құны т.б. Қар барысын әр жылдары көзбен көрген адамдар болған, алайда бұл нақты дәлел емес еді.30 қараша 2014жылы кезекті бақылау жұмыстары кезінде Аршаты орманшылығына қарасты «Босаға» учаскесінде қар барысын Аршаты орманшылығының орманшысы Ә.Қасымханов, орманшының көмекшісі Ж.Аман-баев, инспектор М.Омаров,Ақсу филиалы директоры А.Кертешев және орман қорғау инженері Б.Абиев көріп 900- метр аралықта фотоаппаратқа түсіріп алған еді.Алайда бұл сүретте барыс сүреті анық болмады.Осы жағдайдан кейін парк қызметкерлері қырағылықпен белсенділікті күшейте түсті.Шындығын айтқанда бір үміт бір күдік пайда болды. Төгілген тер атқарған еңбегіміз текке кеткен жоқ. Парк қызметкерлерінің нәтижелі жұмыстарының барысында ағымдағы жылдың 2014 жылғы желтоқсан айының 11 жұлдызында алғаш рет фотоұстағыш құралына қар барысы түсті. МҰТП қызметкерлері үшін бұл қуаныш үлкен жетістік болып табылады. Себебі, алғаш рет қар барысы фотоұстағышқа түсті және бұл өлкеде қар барысы мекендейтіне бірден бір дәлел бола алады.Осындай шараларды атқаруға ат салысқан қызметкерлер; жануарларды қорғау және өндіру бөлімінің бастығы Е.Т.Қасымов, саяткер-биолог А.Қ.Мубараков, аға ғылыми қызметкер А.Н.Челышев, Аршаты орманшылығының орманшысы Ә.Қасымханов, орманшының көмекшісі Ж. Аманбаевтың, инспекторлар М.Омаров, Н.Бадисолтановтың еңбектерін ерекше атап өтуге болады.Алдағы уақытта атқарылған жұмыстар жалғасын табады деп ойлаймын. 2015 жыл барлықтарыңыздың отбасыларыңызға қуаныш бақыт әкелсін.

Е.Т.Қасымов,
ҚҚМҰТП-ның жануарларды
қорғау және өндіру бөлімінің

Еске алулар

Еңбек ауылының тұрғыны болған ардақты азамат, асыл жар, қамқор әке **КІНӘЗБАЕВ ДӘУЛЕТБЕК ЕСІМҰЛЫН** мезгілсіз дүние салуына 6 ай болғанына орай сағынышпен еске аламыз.

Сағынамын сарғайып санаменен,
Алданамын артыңдағы баламенен.
Өзің кетіп артыңда ізің қалды,
Өмір өтер ісіңді жалғауменен.

Еске алушылар: зайыбы, балалары, немерелері.

Берел ауылының тумасы болған, асыл жар, аяулы әке, ардақты аға, сыйлы әріптес, адал дос, үлкенге ізетті, кішіге жанашыр болған **МҰРАТОВ АЛТАЙ ӘЛІБЕКҰЛЫНЫҢ** дүниеден өткеніне 40 күн толады. Осы орны толмас ауыр қайғымызға көңіл айтып, ортақтасқан барлық ағайын-туғандарға, дос-жарандарға, жерлестерге, құда-жекжатқа алғысымызды білдіре отырып, ***2015 жылғы 13 ақпанда Катон Қарайғай ауданы, Берел ауылында берілетін әкеміздің қырқына арналған асқа шақырамыз.***

Жүрегіңе ізгілік, ізет толған,
Көрмедім жанды сені мақтамаған.
Жаз едің мінезіңмен, көктем едің,
Туысқа жылуыңды төккен едің,
Қайтейін бұл тағдырға бар ма шара,
Қимайды сені бүгін жоқ деуге елің!
Қашанда адамдықтың мақтаны едің,
Жүреді жүректерде сақтап елің!
Тілейміз Алладан біз имандықты,
Мәңгілік жайлы болсын жатқан жерің!

Сағынышпен еске алушылар: зайыбы -Гүлмайра, балалары, туған-туысқандары.

Шыңғыстай ауылының тумасы, аяулы ұлымыз, бауырымыз, ағамыз **МЕЙІРЖАН АМАНЖАНҰЛЫНЫҢ** қайғылы қазаға ұшырағанына 40 күн толуына орай сағынышпен еске аламыз.

Іңгәләп дүниеге келгеніңде.
«Тәубе»,-деп ем Алланың бергеніне.
Мейірлене искеп ем «ұл берді» деп,
Танауымды тығып ап жөргегіңе.
Тағы да «тәубе»,- дедім бергеніне,
Аталап немерелер ергеніне.
Қуанушы ек «кенже ұл кеп қалды»,-деп,
Арсаландап есіктен енгеніңде.
Сүюшем мандайыңды тоса берген,
Қолыңды да алушы ем қоса берген.
Келіп жеткен суық хабар көк сүңгісі,
Тілгілеп жүрегімді оса берген.
Қасқайған қарағайым құлағаның,
Көрмедің ата-анаңның жылағанын.
Шырылдап артыңдағы қос немерем,
Көлдетіп көздің жасын бұлағанын.
Ажалға кенет келген төзе алдым ба?,
Елес боп бейнең қалды көз алдымда.
Сен кеттің бақилық боп бізді тастап,
Құйрықты жұлдызыма ұқсадың да.
Қартайғанда жұлып ап тірегімді,
Қан жылатты-ау сұм ажал жүрегімді,
Бұл қайғыны көтерер әлім бар ма?
Жұбануға жаздым осы өлеңімді.
Амалым таусылғаны осы шығар,
Бермеді Аллам маған тілеуімді
Жарың қалды артыңда жаутаң көзің,
Бұлбұл ұшып кетті ғой тәтті кезің.
Екі балаң құлының, балапаның,
Артыңда қалған сенің үлкен ізің.

Еске алушы: Нұқсариндер әулеті атынан әкесі - Аманжан.

13 – ақпан күні Шыңғыстай ауылында Мейіржан Аманжанұлының аруағына арналып құран бағышталып, ас беріледі. Соған барлық туған-туысқандарды, достарымызды, ауылдастарымызды, таныстарымызды шақырамыз.

Құттықтаймыз!

Өрел ауылының тұрғыны Көшербаев Мырзахан Мерғазыұлын 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Домалатып өрге қарай таудың тасын,
Еншілепсің бүгін сен ердің жасын.
Елу емес, жасыңыз жүзге келіп,
Ғасыр жасты тойлатар күндер тусын!

Ізгі тілекпен достарың: Ақон-Зейнұр, Раджан - Шынар, Шалқар - Раушан.

Ризашылық

Желтоқсан айында қатты соққан желдің салдарынан үйіміздің шатыры қирап қалды. Оны қалпына келтіру үшін қаражатымыз жетпеді. Осы жағдайымызды ауылдық жиында айтқанбыз. Біздің мұқтажымызды Балғын сайлау округінің депутаты Жанар Жаңабаев екерусіз қалдырмай, көмек қолын созып, шатырымызды қайта қалпына келтіріп берді. Осындай жаны жайсаң, мейірімді, қайырымды адамдарға үлкен алғысымызды білдіре отырып, қызметіне сәттілік, зор денсаулық, отбасына бақыт, береке тілейміз!

Ғабиденовтар отбасы.
Балғын ауылы.

Хабарландырулар

«Мойылды негізгі орта мектебі» КММ-де 2-08-78 сенім телефоны жұмыс істейді. Мектепке қатысты мәселелеріңізді осы телефон номері арқылы айтуға, хабарлауға болады.

Мектеп әкімшілігі.

«Юбилейное орта мектебі» КММ-не ағылшын тілі пәні мұғалімі қажет. Еңбек жүктемесі - 13 сағат.
Қойылатын талаптар: арнайы білімі болуы қажет.
Тел. 2-76-05.

«Жұлдыз орта мектебі» КММ-де 2-70-67 сенім телефоны қызмет етеді. Сонымен қатар, мектеп ғимаратының дәлізінде ұсыныстар мен шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

«Юбилейное орта мектебі» КММ-де 2-75-06 сенім телефоны қызмет етеді. Сонымен қатар, мектеп ғимаратының акт залында өтініштер мен шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

Катонқарағай ауылының тұрғыны болған **ҚОҚЫМБАЕВА БАҚЫТГҮЛ ҮӘЛИХАНҚЫЗЫН** қайтыс болғанына 40 күн толуына орай еске аламыз

Өмірден өттің жарқылдап жүріп құлыным,
Тым қысқа болды пәниде мына ғұмырың.
Көрер қызық, қуанышың да көп еді-ау,
Көрсінші оны соңында қалған қос құлының
Өзіңмен өткен күндерді сағынып еске аламыз,
Жазылмас мәңгі жүректегі қайғы, жарамыз,
Топырағың торқа, пейіште орның болсын деп,
Амал жоқ енді, Аллаға дұға қыламыз.

Еске алушылар: анасы, балалары, туыстары.

11-ақпан күні сағ.12.00-де Катонқарағай ауылындағы хатымханада Бақытгүлдің аруағына арналып құран бағышталып, ас беріледі. Соған барлық туған-туысқандарымызды, ауылдастарымызды, достарымызды шақырамыз.

Аршаты ауылының тұрғындары болған ардақты анамыз **БОЛАЕВА ҚАНИЯ ӘСЕРХАНҚЫЗЫНЫҢ** туған күніне орай, асыл әжеміз **БОЛАЕВА АЛМА МҰСТАФАҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден өткен күніне байланысты сағынышпен еске аламыз.

7 ақпанда ардақты анамыз көзі тірі болса небәрі 68 жасқа толар еді. Тағдырдың жазғанына амал бар ма? «Жазмыштан озмыш жоқ» деп бекер айтылмаған екен, сұм ажал анамызды 65 жасында алып кетті. Кейбіреулер бастарына қиындық төнгенде анаммен ақылдастым, әкеммен сырластым, әжемнен көмек сұрадым деп жатқанда, «құдай-ау, қандай жақсы» деп қызығасың да, қоясың. Амал нешік, әке-шешеміз де дүниеден ерте озды, әжеміз де о дүниелік боп кетті. Енді тек артта қалған ұрпақтарың аман болсын дейміз. Немере-шөбере, шөпшектерің көбейе берсін. Біздің қолымыздан келетіні өздеріне дұға арнап, құран бағыштау. Сендердің аманат еткен өсиеттеріңді орындау. түзу жолмен жүріп, аттарыңа дақ түсірмеу. Арттарыңда ұрпақтарың тұрғанда, қанша жыл өтсе де сендердің шаңырақтарың шайқалмайды, жаққан оттарың сөнбейді, ғұмырларың мәңгілік болады. Жандарыңыз жәнатта, имандарыңыз жолдас болсын. Сіздердің жарқын бейнелеріңіз өмір бойы біздің жадымызда сақталады.

Сағынышпен еске алушылар: балалары, немере-шөберелері.

Катонқарағай ауданының әкімі мен аппараты және Катонқарағай аудандық мәслихатының депутаттары мен аппарат қызметкерлері аудандық мәслихат депутаты Жұмағұлов Ерен Қадөшұлына
енесінің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Директор-редактор
Жомарт Жақыпов

Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Нұрзада Исабаева

Құрылтайшы:
ШҚО Қаржы басқармасы.
Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.

Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail. ru

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді.
Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.
Газет “Шығыс - Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3.
Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5700 тапсырыс.